



Талдамалық ақпарат

Талдамалық дашбордтар 2025 жылғы 1 қаңтарға «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – АЖБ АЖ) және 2025 жылғы 1 тамызға «Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу» ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – АШТМТ АЖ) дерекқорларының агрегатталған көрсеткіштерін визуализациялауға арналған.

Дереккөздер: Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – АШМ).

Негіздеме: Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі № 658 «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 18-тармағын орындау үшін әзірленген, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсету кезінде бұзушылықтарды болғызбауға бағытталған, мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығындағы статистикалық деректердің анықтығын қамтамасыз ету бойынша Жол картасының 17-тармағын орындау шеңберінде, сондай-ақ пайдаланушылардың ауыл шаруашылығы саласындағы агрегатталған көрсеткіштер жиынтығына қолжетімділігін кеңейту мақсатында **«Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру» және «Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу» ақпараттық жүйелері деректерінің негізінде талдамалық дашбордтар әзірленді.** Жарияланатын көрсеткіштердің жиынтығы Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілді (2025 жылғы 2 желтоқсандағы шығыс № 7-1-6/29049).

АЖБ ақпараттық жүйесі ветеринариялық есепке алудың бір бөлігі болып табылады және жануардың жеке нөмірі, оны ветеринариялық өңдеу, диагностикалық зерттеу және иесі туралы деректерді көпдеңгейлі тіркеуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар мен уәкілетті органдар жүйені ауыл шаруашылығы жануарларын бірыңғай сәйкестендіруді, олардың ел ішінде және сыртқы сауда операциялары кезінде орын ауыстыруын бақылауды, сондай-ақ объектіге бармай профилактикалық бақылауды қоса алғанда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық қадағалауды жүзеге асыру үшін қолданады. Негізгі пайдаланушылар – ветеринариялық дәрігерлер, ЖАО бөлімшелері және салалық мемлекеттік органдардың қызметкерлері.

АШТМТ ақпараттық жүйесі 2011 жылдан бері жұмыс істейді және төрт мемлекеттік қызметті көрсетуді қамтамасыз етеді: техниканы тіркеу және қайта тіркеу, техникалық паспорттың төлнұсқасын беру, тракторшы куәлігін беру, сондай-ақ техникаға қойылған кепілді тіркеу және оны алып тастау.

Құрылған визуализациялар ауыл шаруашылығы техникасының және мал басының құрылымын, ауқымын және өңірлік бөлінісін бағалауға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта Ұлттық статистика бюросы деректердің толықтығы мен сапасы артқан сайын оларды автоматты түрде жаңартуды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру (АШБ)

Көрсеткіштер:

- Малдың түрлері бойынша иелерінің саны (жалпы саны; 50 бастан артық);
- Малдың түрлері бойынша ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің саны (жалпы саны; 50 бастан артық);
- Малдың түрлері бойынша дара кәсіпкерлер мен шаруа немес фермер қожалықтарының (ДК және ШФҚ) саны (жалпы саны; 50 бастан артық);
- Малдың түрлері бойынша жұршылық шаруашылықтарының саны (жалпы саны; 50 бастан артық);
- Өңірлер бойынша жалпы мал басы, бас саны;
- Тұқымды малдың үлесі, % (малдың түрлері бойынша);
- Тұқымды малдың үлесі, % (тұқым бойынша);
- Өңірлер бойынша тұқымды малдың үлесі, %;
- Өңірлер бойынша тұқымсыз малдың үлесі, %;
- Малдың орташа жасы;
- Тұқымды малдың орташа жасы.

Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу (АШТМТ)

Көрсеткіштер:

- БСН/ЖСН-ымен меншік иелерінің жалпы саны;
- Тіркелген техниканың жалпы саны;
- Тіркеуден шығарылған техниканы ескере отырып, техниканың саны;
- Меншік иелеріндегі техниканың орташа саны;
- Техниканың түрі бойынша техника саны;
- Маркасы мен моделі бойынша техника саны;
- Техниканы иеленудің орташа мерзімі, жыл;
- Өндіруші ел;
- Өңірлер бөлінісінде орташа қолданылған жылы.

Деректерді шектеу: АШТМТ АЖ деректерін талдамалық мақсатта пайдаланған кезде техниканың жекелеген бірліктері бойынша толтырылмаған атрибуттардың бар екенін ескеру қажет: өндіруші ел (есептен шығарылғандарды ескере отырып, 288 713 техникада жоқ) және тіркеу аймағы (3176 техникада) туралы мәліметтер.

Шығаруға жауапты:
Ауыл шаруашылығы
статистикасы және ұлттық
санақтар департаменті

Департамент директоры:
А. Джартыбаева
тел. +7 7172 749162

Орындаушы: С. Маратов
тел. +7 7172 749319
E-mail: S.maratov @aspire.gov.kz

Мекен-жай: 010000, Астана
қаласы Мәңгілік ел
даңғылы, 8
Министрліктер үйі, 4
кіреберіс